

**«Visa картасына аударым мен төлемдер жасап, смартфон ұтып алыңыз»
акциясын өткізу ережесі**

1. Осы Ереже «Visa картасына аударым мен төлемдер жасап, iPhone15 ұтып алыңыз» акциясын (бұдан кейін – Акция) өткізу тәртібі мен шарттарын айқындайды.
2. Акцияның жеңімпаздары осы Ережеде белгіленген критерийлерге сәйкес анықталады.
3. Акцияны ұйымдастырушы – Қазақстан Республикасы, Алматы қ., әл-Фараби даңғ., 38 мекенжайында орналасқан «Банк ЦентрКредит» АҚ (БСН 980640000093) (бұдан кейін – «Ұйымдастырушы»).
4. Акцияның Мердігер ұйымы – Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Достық даңғ., 132, 5-офис мекенжайында орналасқан «ROI GROUP» (РОИ Групп) жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БСН 151240005397) (бұдан кейін – «Мердігер»).
5. Акцияның Серіктесі – Visa International Service Association (Виза Интернэшнл Сервис Ассосиэйшн) (бұдан кейін – «Visa»).
6. Акция «Ойын бизнесі туралы» Қазақстан Республикасының заңына және «Лотереялар және лотерея қызметі туралы» Қазақстан Республикасының заңына сәйкес мағынасы мен анықтамасы бойынша құмар ойыны және/немесе лотерея болып табылмайды.
7. Акцияға қатысу үшін ақы төленбейді.
8. Акцияға осы Ереже талаптарының барлық шарттарын тиісінше орындаған, 18 жасқа толған, Қазақстан Республикасының азаматтары, Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты бар, Қазақстан Республикасының бейрезидент тұлғалары (бұдан кейін – «Акцияға қатысушы») қатыса алады.
9. Акцияға мыналар қатыса алмайды және қатыспайды: Акцияны Ұйымдастырушымен немесе Акция Серіктесімен кез келген белгісі бойынша және кез келген нысанда үлестес тұлғалар, оның ішінде қызметкерлері, олардың жақын туыстары (зайыбы, ата-анасы, қызы, ұлы, асырап алушылары, асырап алған балалары, бір ата-анадан туған немесе бір ата-анадан тумаған ағайіндері, апа-сінділері, ата-әжелері, немерелері), Қазақстан Республикасының бейрезидент тұлғалары және осы Ереженің 8-бабында көрсетілмеген өзге де тұлғалар.
10. Акцияның жүлде қоры:

№	Жұлденің атауы	Жұлделердің жалпы саны	Жеңімпаздар саны
1	iPhone 15 256Gb	6 дана	Негізгі - 6 Резервтегі - 6

11. Акция өтетін кезең: Астана уақытымен 2024 жылғы 26 ақпан күні 00 сағат 00 минуттан 2024 жылғы 25 сәуір күні 23 сағат 59 минутқа дейін (бұдан кейін – «Акция өтетін кезең»).
12. Акцияға қатысу талаптары:
 - 12.1. Акция өтетін кезеңде Visa карталарына 5 000 теңгеден (валютадағы баламасы) басталатын сомаға аударым жасаңыз, сондай-ақ ВСС.KZ мобильді қосымшасында 3 000 теңгеден (валютадағы баламасы) басталатын сомаға төлемдер жасаңыз;
 - 12.2. Ұтыс ойынына Қазақстан Республикасының екінші деңгейлі банктері арасында телефон нөмірі Visa Alias немесе карта нөмірі бойынша Visa карталарына жасалған кез келген аударымдар және ВСС.KZ мобильді қосымшасында жасалған кез келген төлемдер қатысады;
 - 12.3. Бір банктің ішінде жасалған аударымдар ұтыс ойынына қатыспайды;
 - 12.4. Аударым мен төлемдер саны шектелмеген. Аударым мен төлемдер саны неғұрлым көп болса, жеңіске жету мүмкіндігі соғұрлым көп болады.
13. Акцияға Қатысушылар Акция өткізілетін кезеңде iPhone 15 256GB маркалы ең көбі 1 телефонды ұтып алуға үміткер бола алады.
14. Акция Жеңімпаздарын (негізгі және резервтегі) Ұйымдастырушы 2024 жылғы 04 сәуір күні Астана уақытымен 16 сағат 00 минутта және 2024 жылғы 30 сәуір күні 16 сағат 00 минутта осы Ереженің талаптарын түгел орындаған Науқан Қатысушылары арасында

<https://www.randomlists.com/list-randomizer?dup=false&qty=1&items=> сайтында кездейсоқ таңдау әдісімен анықтайды.

15. Ұтыс ойыны Ұйымдастырушының Instagram-дағы centercreditkz парақшасында тікелей эфирде өткізіледі.
16. Ұйымдастырушы осы Ереженің 13-бабына сәйкес Жеңімпаздар анықталған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Жеңімпаздарға жеңімпаз атанғанын қоңырау шалу арқылы хабарлайды.
17. Егер Жеңімпаз Ұйымдастырушының қоңырауына 5 (бес) жұмыс күні ішінде жауап бермесе немесе Жүлдені алудан бас тартса, Ұйымдастырушы резервтегі бірінші жеңімпазға хабарласады, егер онымен хабарласу мүмкін болмаса, резервтегі екінші жеңімпазға, онымен де хабарласу мүмкін болмаса, одан кейінгі жеңімпаздарға хабарласады.
18. Жеңімпаз Ұйымдастырушының сауалына төмендегі ақпаратты беруге міндеттенеді: аты-жөні, нақты тұрғылықты мекенжайы, оның пошта индексі, байланыс телефоны.
 - 18.1. Жеңімпазбен Ұйымдастырушының уәкілетті өкілі мессенджер немесе электрондық пошта арқылы байланысады;
 - 18.2. Ұйымдастырушы Жеңімпазбен осы баптың 18.1.-тармағында көрсетілмеген, басқа байланыс деректері арқылы байланыспайды;
 - 18.3. Мердігер, Ұйымдастырушы, Серіктес ешқашан электрондық хаттар, SMS жібермейді және банктегі шотының нөмірін, банк картасының нөмірін, суретін, интернет-банкинг пайдаланушысының атын/паролін, SMS-пен келген бір реттік кодтарды, PIN кодтарды, жеке кабинетінің, әлеуметтік желідегі парақшаларының құпиясөздерін, тағы басқаларды сұрап ешкімге телефон соқпайды.
19. Жүлдені Ұйымдастырушы осы Ереженің 18-бабында көрсетілген ақпаратты алған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде береді. Жүлдені алған кезде Жеңімпаз жеке куәлігінің көшірмесін ұсынуы және қабылдау актісіне қол қоюы тиіс.
20. Мердігер, Ұйымдастырушы және Серіктес Жеңімпаздың Мердігерге, Ұйымдастырушыға және Серіктеске байланысты емес кез келген себептермен Жүлдені ала алмағаны үшін жауапты емес.
21. Мердігер, Ұйымдастырушы және Серіктес Жеңімпаздың алған Жүлдесін одан әрі пайдалануы үшін жауапты емес. Акция аясында таратылатын жарнамалық материалдарда көрсетілген (көрсетілуі мүмкін) Жүлделердің сыртқы түрі/пішімі/бейнесі және оларды пайдаланғаннан алынатын әсерлер нақты Жүлдеге қарағанда өзгеше болуы және Жеңімпаздың дәл күткеніндей болмай шығуы мүмкін.
22. Егер Жүлде осы Ереженің 19-бабында көрсетілген себептермен алынбаса, Жеңімпаз оны қайта талап ете алмайды. Ондай Жүлделерді алмау туралы шағымдар қарастырылмайды.
23. Жеңімпаздар алған Жүлделерді айырбастауға немесе қайтаруға болмайды. Жүлделер ақшалай берілмейді.
24. Акция туралы ақпарат, Акцияға енгізілген елеулі өзгерістер, Акция Жеңімпаздары және басқа да ақпарат Ұйымдастырушының ВСС.KZ парақшасына және Ұйымдастырушының әдеуметик желілерінде орналастырылады.
25. Мердігер, Ұйымдастырушы кез келген уақытта Акцияды өткізу талаптарын, уақытын, жүлде қорын толықтыруға және/немесе өзгертуге, сондай-ақ Акцияны өткізуді өз қалауы бойынша толық немесе ішінара тоқтатуға, тоқтата тұруға, болдырмай тастауға құқылы. Бұл ретте, бұл жөнінде Ұйымдастырушы ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес осы Ережеде айқындалған тәртіппен Акцияға Қатысушыларды және барлық мүдделі тұлғаларды хабардар етеді.
26. Мердігер, Ұйымдастырушы және Серіктес Акцияға Қатысушының қателіктерінің кез келген салдары үшін, оның ішінде, оның шығындары үшін жауапты емес.
27. Акцияға қатысу арқылы Қатысушы Мердігерге, Ұйымдастырушыға және Серіктеске өзінің толық атын, дербес деректерін, сұхбаттарды немесе өзі туралы Акцияға қатысуына байланысты басқа да материалдарды, оның ішінде Науқанға Қатысушының фото және бейне түсірілімін, сондай-ақ Акция туралы жарнамалық ақпаратты таратқан кезде Акцияға Қатысушымен

жасалған фото және бейнематериалдарды шектеусіз мерзімге және аумақтық шектеусіз пайдалану және бұлай пайдаланғаны үшін сыйақы төлемеу құқығын даусыз, сөзсіз және қайтарымсыз негізде береді.

28. Жүлдені қабылдауға келісе отырып және өзінің дербес деректерін ұсыну арқылы Қатысушы Мердігердің, Ұйымдастырушының және Серіктестің Акцияны өткізу мақсатымен Акция өткізілетін барлық мерзім ішінде және ол аяқталғаннан кейін 3 (үш) жыл ішінде 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының заңында (бұдан кейін – Заң) көзделген ережелерге сәйкес, ұсынылған дербес деректерді өңдеуіне, оның ішінде жинауына, жүйелеуіне, жинақтауына, сақтауына, нақтылауына (жаңартуына, өзгертуіне), алуына, пайдалануына, таратуына, иесіздендіруіне, бұғаттауына, өшіруіне, жоюына өз келісімін береді. Бұл келісімді Қатысушы кез келген уақытта Ұйымдастырушының ҚР, Алматы қ., әл-Фараби даңғ., 38 мекенжайына беру туралы хабарламасы бар тиісті тапсырыс хатты жіберу арқылы кері қайтарып алуы мүмкін.
29. Акцияға қатысу фактісі Қатысушының Мердігердің, Ұйымдастырушының және Серіктестің Акцияны өткізу мақсатында, және осы Ережеде көзделген тәртіппен қажетті кез келген тәсілмен Қатысушының дербес деректерін өңдеуіне өз еркімен, нақты, хабарлы және саналы түрде келісімін білдіруі болып табылады.
30. Дербес деректер осы Ереженің мақсатында, анықталған немесе анықталатын жеке тұлғаға (дербес деректің субъектісіне) тікелей немесе жанама түрде қатысы бар кез келген ақпаратты білдіреді.
31. Акцияға Қатысушының Акцияға қатысуға байланысты өз құқықтарын (соның ішінде Жүлде алу құқығын) үшінші тұлғалардың пайдасына беруге құқығы жоқ.
32. Акцияға қатысу фактісі Акцияға Қатысушының осы Ережемен танысып, келісетінін білдіреді. Ережемен келісім толық және сөзсіз болып табылады.
33. Акцияның барлық нәтижелері, сондай-ақ Мердігердің, Ұйымдастырушының және Серіктестің шешімдері түпкілікті болып табылады және оларға шағым жасауға болмайды.
34. Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес, атап айтқанда, Қазақстан Республикасының «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Кодексінің 327, 351-баптарына сәйкес, Жүлделер төлем көзінен салық салуға тиісті кіріс болып табылады. Кірістің (ұтыстардың) осы түрі бойынша ЖТС-ны (жеке табыс салығын) есептеу мен ұстауды Жеңімпазға Жүлденің тікелей берілуін қамтамасыз ететін салық агенті – Мердігер жүзеге асырады.
35. Осы Ережеде, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген жағдайларды және даулы мәселе туындаған жағдайларды қоспағанда, Мердігер, Ұйымдастырушы және Серіктес Акцияға қатысушылармен жазбаша келіссөздер немесе өзге де байланыстар жасамау құқығын өздеріне қалдырады.
36. Осы Ережеде көзделмеген жағдайларда түпкілікті шешімді Мердігер және/немесе Ұйымдастырушы қабылдайды.
37. Акцияға қатысуға, ұтыс ойындарын өткізуге, Жүлделерді тапсыруға және т.б. байланысты сұрақтар туындаған жағдайда Науқанға Қатысушы Ұйымдастырушыға info@bcc.kz электрондық мекенжайына хат жазу арқылы хабарласа алады. Жауап хатты Ұйымдастырушы Акцияға Қатысушыдан хатты алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жібереді.
38. Осы Ереже Науқанның ресми құжаты болып табылады.